

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған
қаржылық есептілігі және аудиторлық есебі

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ РАСТАУЫ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының басшылығы қаржылық есептіліктің барлық маңызды аспектілерде дайындалу барысына жауапты және 2014 жылдың 31 желтоқсан айына дейінгі мерзімде Қоғамның нақтылы қаржылық жағдайын және оның қызметінің нәтижелерін, аталған мерзімде аяқталған жыл ішіндегі қаржы қозғалысын Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына сәйкес айқындап отыр.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамының қаржылық есептілігін дайындау барысындағы басшылықтың жауапкершілігі:

- Тиісті есеп – қисап принциптерін таңдау және оны дәйектілікпен қолдану;
- Негізделген баға мен есепті қолдану;
- ҚЕХС талаптарын ұстану және барлық маңызды ауытқушылықтарын қаржылық есептілікке ескертпелерде ашу;
- Қоғамның қаржылық есептілігін дайындау, жақын келешекте қызметті жалғастырады деген жорамалдың негізінде, осындай жорамал заңсыз болған жағдайды қоспағанда.

Сонымен қатар, Қоғам басшылығының жауапкершілігі:

- Дайындау, енгізу және нәтижелі де сенімді Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің жұмыс атқаруын қамсыздандыру;
- Кез келген сәтте қаржылық есептіліктің ақпараттарын толыққанды дайындауға мүмкіндік беретін есеп – қисап жүйесін қолдау және қаржылық есептіліктің ҚЕХС талаптарына және Қазақстан Республикасының заңына сәйкестілігін қолдау;
- Қоғамның активтерін сақтау мақсатында өз құзыретінің шегінде шаралар қолдану;
- Алаяқтық деректерді, қателіктерді, теріс пайдаланушылықты болдырмау және анықтау.

Берілген қаржылық есептілік 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған, 2015 жылдың 20 ақпанында басшылықпен бекітілген.

Төраға _____

Қоғылов Б.Б.

Бас есепші _____

Амирбекова Э.М.



Мазмұны

Аудиторлық есеп	3-4
-----------------------	-----

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	5
Жиынтықты табыс жайлы есеп.....	6
Капиталдағы өзгерістер жайлы есеп.....	7
Ақша-қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.....	8
Қаржылық есептілікке ескертулер.....	9-39



050036, Республика Казахстан
г. Алматы, мкрн. Мамыр-4, д. 14

Тел +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Факс +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com

14, Mamyr-4, Almaty
050036, Republic of Kazakhstan

Tel +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Fax +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com

Бекітемін

Бас директор

Т.Е. Нұрғазиев

(5.10.2010 жылғы №00000069 МФЮ-2 мемлекеттік
лицензиясы)

Тәуелсіз Аудитор есебі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның басшылығына

Біз құрамына 2014 жылдың 31 желтоқсан жай-күйі бойынша мерзімдегі қаржылық жағдайы жайлы есепті және жалпы табыс жайлы есепті, сондай-ақ ақша-қаражаттарының қозғалысы жайлы есеп пен көрсетілген мерзімде аяқталған капиталдағы өзгерістер жайлы есепті, сонымен қатар ағымдағы қаржылық есептілікке түсіндірмелік ескертулердің қысқа сипаттамасын қамтитын «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (мәтін бойынша әрі қарай «Қоғам» қолданысында) қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Қоғам басшылығы Қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес даярланған ағымдағы қаржылық есептіліктің дайындалуына, сонымен қатар, Қоғам алаяқтық не қате салдарында пайда болған маңызды бұрмалаушылықтарды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін, ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге жауапты болады.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміздің мәні жүргізген аудитіміздің негізінде ағымдағы қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру. Біз аудитті Аудиттің Халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Ағымдағы стандарттар біздің этикалық талаптарды орындауымызды, ағымдағы қаржылық есептілік маңызды бұрмалаушылықтарға ие емес деген пікірге көз жеткізуіміз үшін аудитті жоспарлап, өткізуімізді талап етеді.

Аудит өз құрамында ағымдағы қаржылық есептіліктегі сомалар мен ақпараттарды растайтын аудиторлық дәлелдерді алу мақсатында процедуралар мен талдауларды жүргізуді қамтиды. Тандалған процедуралар аудитор пайымдамасына тәуелді болады, оның құрамына ағымдағы қаржылық есептіліктегі алаяқтық не қателіктермен байланысты маңызды бұрмалаушылықтар қаупін бағалау да кіреді. Қауіптерді бағалау барысында аудитор ағымдағы жағдайларда орынды деп есептелетін аудиторлық процедураларды құрастыру мақсатында ағымдағы қаржылық есептілікті дайындау және нақты ұсынумен байланысты Қоғамның ішкі бақылау жүйесін зерттейді, алайда бұл зерттеу Қоғамның ішкі бақылауының тиімділігі жайлы пікір білдіру мақсатында болмауы тиіс. Сонымен қатар, аудит, басшылық жасаған есеп-қисаптық бағалаудың орындылығы мен қолданылатын есептік саясаттың сәйкестілігінің бағалауын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің жалпы ұсынысының бағалауын қамтиды.

Біздің ойымызша, біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз аудиторлық пікірді білдіру үшін жеткілікті.

Тәуелсіз аудиторлардың есебі
2-бет

Пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік, Қоғамның 2014 жылдың 31 желтоқсан жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын және оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, аталмыш мерзімде аяқталған жыл ішіндегі ақша-қаражаттарының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес шындыққа сай бейнелейді.

**Бас директор,
Аудитор:**
1997 жылғы 2 мамыр айындағы
№ 0318. Біліктілік куәлігі

**Топ басшысы:
Жетекші маман:**

Күні: «20» ақпан 2015 жыл.

Қазақстан Республикасы., Алматы қ., Мамыр-4 ы/а, 14 үй



Нұрғазиев Т.Е.



Ганжа Е.И.

Антонова С.К.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	Ескерту	2014	2013
АКТИВТЕР			
Ақша-қаражаттары мен олардың баламалары	4	5 875 525 ✓	6 244 345 ✓
Сатуға арналған қаржылық активтер	5	408 051 433 ✓	329 325 104 ✓
Өзге қаржылық активтер	6	2 779 554 ✓	2 334 226 ✓
Корпоративті табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		150 121 ✓	115 006 ✓
Қорлар	7	1 707 ✓	1 753 ✓
Өзге активтер	8	5 529 ✓	11 369 ✓
Кейінге қалдырылған салықтық актив	9	4 870 ✓	4 038 ✓
Негізгі құралдар	10	10 132 ✓	10 571 ✓
Материалды емес активтер	11	25 072 ✓	30 402 ✓
АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ		416 903 943 ✓	338 076 814 ✓
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	12	177 156 000 ✓	161 051 000 ✓
Үлестірілмеген кіріс (жабылмаған шығын)		19 142 454 ✓	3 316 469 ✓
Қайта бағалау бойынша резерв	13	1 258 172 ✓	(340 164) ✓
Резервті капитал	13	1 610 510 ✓	1 464 100 ✓
Өтеудің арнайы резерві	13	215 394 855 ✓	172 420 488 ✓
Капитал барлығы		414 561 991 ✓	337 911 893 ✓
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
КТС-нан басқа, салықтар мен төлемдер бойынша міндеттемелер	14	32 ✓	-
Өзге қаржылық міндеттемелер	15	975 ✓	6 802 ✓
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	16	2 340 945 ✓	158 119 ✓
Қысқа мерзімді міндеттемелер барлығы		2 341 952 ✓	164 921 ✓
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ		416 903 943 ✓	338 076 814 ✓

Қаржылық есептілік басшылық тарапынан 2015 жылдың 20 ақпанында бекітілді және басшылық атынан оған төмендегілер қол қойды:

Төраға

Бас есепші



Қосылов Б.Б.

Амирсбекова Э.М.

9-39 беттер арасындағы ескертулер ағымдағы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі саналады.



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	Ескерту	2014	2013
Пайыздық кірістер	17	16 464 104	12 395 670
Пайыздық шығындар	17	(105 126)	(38 570)
Таза пайыздық кірістер		16 358 978	12 357 100
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссия түсімдерінен таза кіріс	18	31 304 307	25 996 961
Валютаны қайта бағалау шығындарын алып тастағандағы кірістер	19	11 692 442	1 265 683
Өзге кірістер	20	1 116	1 024
Өзге шығындар	21	(51)	-
Әкімшілік шығындар	22	(405 606)	(308 419)
Салық салғанға дейін пайда		58 951 186	39 312 349
Табыс салығы бойынша шығындар	23	832	1 081
Жыл ішіндегі кіріс		58 952 018	39 313 430
Қатысушы-банктердің жарналары мен тарату комиссиясы түсімдерінен таза кірісті өтеудің арнайы резервіне міндетті түрде үлестіру	13	(31 304 307)	(25 996 961)
Міндетті үлестіруден кейінгі пайда		27 647 711	13 316 469
Өзге жиынтықты кіріс (шығын): Сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығындар)	13	-	1 717 546
Өзге жиынтық кіріс (шығын) барлығы		-	1 717 546
Акционерге тиесілі корпоративті табыс салығын алып тастағандағы жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)		27 647 711	15 034 015

Қаржылық есептілік басшылық тарапынан 2015 жылдың 20 ақпанында бекітілді және басшылық атынан оған төмендегілер қол қойды:

Төраға

Бас есепші



Қоғылов Б.Б.

Амирбекова Э.М.

9-39 беттер арасындағы ескертулер ағымдағы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып саналады.



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	Еск.	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Өтеудің арнайы резерві	Үлестірілген кіріс	Капитал барлығы
2012 жылдың 31 желтоқсанына сальдо		146 410 000 ✓	(2 057 710) ✓	1 331 000 ✓	126 878 024 ✓	9 678 603 ✓	282 239 917 ✓
Жыл ішіндегі пайда (шығын)	Ф2	-	-	-	-	13 316 469 ✓	13 316 469 ✓
Жыл ішіндегі өзге жиынтықты кіріс (шығын)	Ф2	-	1 717 546 ✓	-	-	-	1 717 546 ✓
Жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)		-	1 717 546 ✓	-	-	13 316 469 ✓	15 034 015 ✓
Акциялар эмиссиясы	12	14 641 000 ✓	-	-	-	-	14 641 000 ✓
Резервтік капиталын қалыптастыру	13	-	-	133 100 ✓	-	(133 100) ✓	-
Орнын толтырудың арнайы резервін қалыптастыру	13	-	-	-	19 545 503 ✓	(19 545 503) ✓	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан түскен таза табысты міндетті үлестіру және тарату комиссиясынан өтеудің арнайы резервіне түсіру	13	-	-	-	25 996 961 ✓	-	25 996 961 ✓
2013 жылдың 31 желтоқсанына сальдо		161 051 000 ✓	(340 164) ✓	1 464 100 ✓	172 420 488 ✓	3 316 469 ✓	337 911 893 ✓
Есептік саясатта өзгеріс, өткен кезеңдерге түзетулер		-	-	-	-	(5 256) ✓	(5 256)* ✓
2013 жылдың 31 желтоқсанына түзетуден кейінгі сальдо		161 051 000 ✓	(340 164) ✓	1 464 100 ✓	172 420 488 ✓	3 311 213 ✓	337 906 637 ✓
Жыл ішіндегі пайда (шығын)	Ф2	-	-	-	-	27 647 711 ✓	27 647 711 ✓
Жыл ішіндегі өзге жиынтықты кіріс (шығын)	Ф2	-	1 598 336 ✓	-	-	-	1 598 336 ✓
Жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)		-	1 598 336 ✓	-	-	27 647 711 ✓	29 246 047 ✓
Акциялар эмиссиясы	12	16 105 000 ✓	-	-	-	-	16 105 000 ✓
Резервтік капиталын қалыптастыру	13	-	-	146 410 ✓	-	(146 410) ✓	-
Орнын толтырудың арнайы резервін қалыптастыру	13	-	-	-	11 670 060 ✓	(11 670 060) ✓	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру және тарату комиссиясынан өтеудің арнайы резервіне түсіру	13	-	-	-	31 304 307 ✓	-	31 304 307 ✓
2014 жылдың 31 желтоқсанына сальдо	12, 13	177 156 000 ✓	1 258 172 ✓	1 610 510 ✓	215 394 855 ✓	19 142 454 ✓	414 561 991 ✓

*Есептік саясаттың және 38 «Материалдық емес активтердің есебі» ҚЕХС 71т. байланысты өткен кезеңде орын алған қателерді Қоғам тарапынан есепті кезеңде түзетулер жүзеге асырылған.

Қаржылық есептілік басшылық тарапынан 2015 жылдың 20 ақпанында бекітілді және басшылық атынан оған төмендегілер қол қойды:

Төраға

Бас есепші



Котляков Б.Б.

Амирсариева Э.М.



9-39 беттер арасындағы ескертулер ағымдағы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып саналады.

АҚША-ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	2014	2013
Операциялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	48 244 517 ✓	38 973 931 ✓
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	32 077 269 ✓	26 225 847 ✓
Тарату комиссиясынан түсімдері	920 000	748 000 ✓
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түсімі	37 895 ✓	7 325 ✓
Сатуға арналған қаржылық активтер бойынша алынған сыйақы	15 035 282 ✓	11 978 020 ✓
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	135 893 ✓	3 563 ✓
Өзге түсімдер	38 178 ✓	11 176 ✓
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	411 605 ✓	428 464 ✓
Жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер	103 058 ✓	104 789 ✓
Іс-сапарлық шығындар бойынша төлемдер	8 976 ✓	6 377 ✓
Еңбекақы бойынша төлемдер	178 812 ✓	126 376 ✓
Төленген корпоративті табыс салығы	28 428 ✓	117 096 ✓
Бюджетке түсетін салықтар мен өзге міндетті төлемдер	63 893 ✓	48 023 ✓
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтеу төлемдері	925 ✓	808 ✓
Өзге төлемдер	27 513 ✓	24 995 ✓
Операциялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	47 832 912 ✓	38 545 467 ✓
Инвестициялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	185 065 261 ✓	116 551 901 ✓
Оның ішінде:		
Сатуға арналған қаржылық активтерді жабудан түскен түсімдер	96 073 210 ✓	106 920 896 ✓
«Кері РЕПО» операцияларынан түсімдер	88 992 051 ✓	9 631 005 ✓
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	249 372 862 ✓	166 898 263 ✓
Оның ішінде:		
Негізгі құралдарды сатып алу	3 842 ✓	4 584 ✓
Материалды емес активтерді сатып алу	10 561 ✓	26 627 ✓
Сатуға арналған қаржылық активтерді сатып алу	173 178 419	144 424 035 ✓
«Кері РЕПО» операциялары бойынша шығып қалу	76 180 040 ✓	22 443 017 ✓
Өзге төлемдер	-	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	(64 307 601) ✓	(50 346 362) *
Қаржылық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	16 105 000 ✓	14 641 000 ✓
Оның ішінде:		
Жай акциялар эмиссиясы	16 105 000 ✓	14 641 000 ✓
Өзге түсімдер	-	-
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	-	-
Қаржылық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	16 105 000 ✓	14 641 000 ✓
Ақша-қаражаттарының таза өзгерісі	(369 689) ✓	2 840 105 ✓
Айырбастау бағамы өзгерісінің шет елдік валютадағы ақша-қаражаттарының сальдосына ықпалы	869 ✓	(152 186) ✓
Есептік мерзім басындағы ақша-қаражаттары мен олардың баламалары	6 244 345 ✓	3 556 426 ✓
Есептік мерзім аяғындағы ақша-қаражаттары мен олардың баламалары	5 875 525 ✓	6 244 345 ✓

Төраға

Бас есепші



9-39 беттер арасындағы ескертулер ағымдағы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып саналады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (әрі қарай «Қоғам») 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігі 2015 жылдың 20 ақпанында шығарымға бекітілді.

Қоғам Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (әрі қарай «ҚР ҰБ») 1999 жылдың 15 қарашасындағы №393 Қаулысының негізінде құрылды.

Занды мекенжайы мен іс жүзіндегі орналасу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көшесі, 181 үй.

2010 жылдың 24 қыркүйегіндегі № 30190-1910-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Алматы қаласы Әділет департаментімен берілген, БСН 991240000414, Қоғамды бастапқы тіркеу күні 20 желтоқсан 1999 ж.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің анықтамасына сәйкес соңғы енгізілген өзгерістерінің №10100027907210 02.05.2013ж. акционерлік қоғамның орналасқан жерінің өзгерісімен байланысты, жаңа тіркеу нөмірі меншіктелген №2979-1910-06-АО.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігімен Қоғамға мемлекеттік жіктеуіш бойынша КҰЖТ 39097277 коды берілген. ҚҰЖТ коды берілген күн – 1999 ж. 22 желтоқсан.

Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша Салық комитеті 1999 жылдың 23 желтоқсанында берген Қазақстан Республикасы Салық төлеушісінің куәлігі Қоғамды салық төлеуші ретінде 1999 жылдың 23 желтоқсанның бастап мемлекеттік тіркеуді растайды. Қоғамға БСН 991240000414 берілді.

2008 жылдың 21 мамырындағы № 166ҰБ келісімшартына сәйкес, қоғамның қаржылық активтерін жауапты сақтау мен сенімгерлік басқару бойынша қызметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жүзеге асырылады.

Қоғамның тіркеушісі болып 2012 жылдың 05 желтоқсанынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ саналады. Бағалы қағаз ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу бойынша тіркеушінің қызметі 2011 жылдың 28 желтоқсанында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңға енгізілген өзгерістерге байланысты құзіретті органдармен лицензияланбайды.

Өз қызметінде Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар» туралы Заңын, «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңын, «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызметтер туралы», «Қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының өзге нормативті құқықтық актілерін, Қоғамның Жарғысын, Акционер және Қоғам директорлары Кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Міндеттер мен қызметтер

Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 7 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес, Қоғамның негізгі міндеті болып келесілер табылады:

1) Қазақстан Республикасының қаржылық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;

2) Қатысушы-банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда, салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін, кепілдік берілетін депозиттерін қорғау.

Аталмыш міндеттерді орындай отырып, Қоғам мемлекеттің банктік жүйесіне сенімді тұрақты түрде сақтауға және халықтың депозиттерінің артуына септігін тигізеді.

Қоғамның негізгі қызметтері:

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мәжбүрлі таратылған қатысушы-банкінің депозит салушы жеке тұлғаларына кепілдік берілген өтемді төлеу;

Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастыру;

Инвестициялық табыс алу мақсатында, өз активтерін түрлі қаржылық құралдарға инвестициялау;

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің орындауға міндетті қосымша келісімшарты мен өзге нормативті акті шарттарын белгілеу;

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банкін консервациялау уақытында, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысушы-банкті



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айыру кезеңіне тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;

Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің және т.б. тарату комиссиясы мен комитеті құрамына қатысу.

*Қосылу шарты – шарттары депозиттерге міндетті кепілдік берумен айналысатын ұйыммен анықталатын және жүйеге енетін барлық банктер үшін стандартты болып табылатын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты.

Бағалы қағаздарға инвестициялық қызмет Қоғамның қызметімен тікелей байланысты болып саналады.

Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктері жоқ.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қоғамның 2014 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігі бастапқы мойындау мен кейінгі есептеуі әділ құн бойынша есептелетін қаржылық құралдардан басқа, тарихи (бастапқы) құн бойынша бағалау ұстанымына сәйкес ҚЕХС бойынша Кеңес бекіткен редакцияда Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес (әрі қарай- ҚЕХС) дайындалған.

Функционалды валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады. Теңге Қоғамның функционалды валютасы саналады, себебі ол Қоғамда болып жатқан оқиғалар мен жағдаяттардың экономикалық маңыздылығын бейнелейді. Егер де өзге жағдай белгіленбесе, ағымдағы есептіліктегі барлық сомалар мың теңгеге дейін жуықтап алынған.

Үздіксіз қызмет ету ұстанымы

Ағымдағы қаржылық есептілік Қоғам қызмет ету үстінде және жақын келешекте қызмет ететінін ескере отырып дайындалған. Осылайша, төмендегіні болжауға болады:

- Қоғам өз қызметінің ауқымын маңызды түрде қысқарту немесе жоюын қажет етпейді және жоспарлап отырған жоқ.

- Активтерді жүзеге асыру және міндеттемелерді жабу жақын арадағы қарапайым шаруашылық қызмет барысында жүзеге асырылатын болады.

Қаржылық есептілік Қоғам өз қызметін үздіксіз қызмет ұстанымы негізінде жалғастыра алмайтындай болған жағдайда қажетті болатын түзетулерді қамтымайды.

Есептеу ұстанымы

Ақша-қаражаттарының қозғалысы жайлы есептен басқа, ағымдағы қаржылық есептілік есептеу ұстанымына сәйкес дайындалған. Есептеу ұстанымы келісімдер мен өзге оқиғалар нәтижесін төлеу мерзіміне қарамастан іс жүзіндегі нәтижелер бойынша мойындаумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте бейнеленеді және өздері орын алған мерзімнің қаржылық есептілігіне қосылады.

Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

Тіркеліп отырған қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементі болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, табыстар мен шығындар қосылған.

Қаржылық есептіліктің барлық элементтері сызбалық баптар түрінде көрсетілген. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін сипаттамаларын ескере отырып бір бапқа біріктіру олардың Қоғамның қызметіндегі сипаттамасын (қызметін) ескере отырып жүзеге асырылған. Ұқсас баптардың әрбір маңызды санаты қаржылық есептілікте бөлек ұсынылады. Ұқсас емес сипат немесе мақсатты арналымды баптар маңызды болмаған жағдайда ғана жеке көрсетіледі.

Есептік саясатты пайдалану кезіндегі маңызды бағалау мен кәсіби пайымдаулар

Қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің сомасына қатысты бағамдар мен болжамды дайындауын, сонымен қатар, қаржылық есептілікті құрастыру мерзіміндегі шартты активтер мен міндеттемелер жайлы ақпарат пен есепте көрсетілген есептік жыл ішіндегі табыстар мен шығындар сомасын ашуын қарастырады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Есептік саясатты пайдалану кезіндегі маңызды бағалау мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Іс жүзіндегі нәтижелер аталмыш бағалаудан өзгешеленуі мүмкін. Аталмыш жорамалдар мен бағалауларға қатысты анықсыздық келешекте аталмыш жорамалдар мен бағалаулар қолданылып отырған актив немесе міндеттеменің теңгерімдік құнының маңызды түрде түзетілуіне әкелуі мүмкін.

Бағалаулар мен олардың негізінде жатқан жорамалдарды Қоғам басшылығы жүйелі түрде тексеріп отырады. Егер де өзгеріс тек сол уақыт аралығына әсер етсе, есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалау қайта қарастырылып отырған аралықта мойындалады және егер де өзгеріс ағымдағы да, келешектегі мерзімдерге де әсер ететін болса, өзгеріс уақыты мен келешек уақыт аралықтарында мойындалады.

Төменде келешек оқиғаларға қатысты негізгі жорамалдар, сонымен қатар, есептік күндегі бағалаулардың анықсыздығының өзге дереккөздері ұсынылған. Оларда келесі есептік жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына маңызды түзету енгізу қажеттілігінің пайда болуының қаупі жоғары.

Салық салу

Салықтық тәуекелдерді бағалау кезінде басшылық ықтималды жағдаяттар ретінде Қоғам дауласа алмайтын немесе егер де қосымша салықтарды салықтық ұйымдар салған болса, оған табысты түрде шағымды түсіруге болады деп есептейтін салықтық заңнаманы сақтамаудың белгілі бір салаларын қарастырады. Мұндай анықтама маңызды пайымдауларды беруді талап етеді және салықтық заңнама мен нормативті-құқықтық актілердегі өзгерістер, өз шешімін күтіп жатқан салықтық анықтау жұмыстары бойынша күтілетін нәтижелерді анықтауды және салықтық ұйымдардың сәйкестілікке тексерісі бойынша қорытындылары нәтижесінде өзгере алады.

Қоғам салық есебін ҚР кодексінің «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» (бұдан әрі «ҚР Салық кодексі») жүргізеді. ҚР Салық Кодексінің 99-бабы, 1 тармағы, 16 тармақшасына сәйкес, 01.01.2014 жылы енгізілген, «жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резерв активтерін инвестициялаудан алынған және оны ұлғайтуға бағытталған инвестициялық табыстары алып тасталуға жатады» және Қоғам корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылған.

Осыған байланысты, 2014 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 7 бабы, 2 тармағы, 7-тармақшасына сәйкес Қоғам меншікті активтер мен арнайы резерв активтері бойынша жеке бухгалтерлік есеп жүргізеді.

Қаржылық құралдардың әділ құны

Қаржылық жағдай туралы есепте мойындалған қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құны аталмыш активті нарықтар негізінде анықтала алмайтын жағдайда, ол бағалау әдістерін, оның ішінде қаражаттық ағындарды дисконттау үлгісін пайдалану арқылы анықталады. Осы үлгілер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтық ақпараттар алынады, алайда бұл мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнды анықтау үшін пайымдаулардың белгілі бір үлесі қажет болады. Пайымдаулар жойылу тәуекелі, несиелік тәуекел және құбылмалылық секілді бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Аталмыш факторларға қатысты пайымдаулардағы өзгерістер қаржылық есептілікте бейнеленген қаржылық құралдардың әділ құнына әсер етуі мүмкін.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері 3 ескертуде берілген. Есептік саясаттың бұл ережелері реттілікпен пайдаланылды.

Қабылданған стандарттар мен интерпретациялар

Компания ағымдағы есептік жылда Қаржылық есептіліктің Халықаралық Стандарттары бойынша Интерпретациялар Комитетінің келесідей жаңа немесе қайта қаралған Стандарттары мен интерпретацияларын қабылдады. Қайта қарастырылған стандарттар мен интерпретацияларды қабылдау Қоғамның қаржылық нәтижелері немесе қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпал еткен жоқ:

- ҚЕХС (IFRS) 7 Қаржылық құрылғылар: ақпаратты ашу. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есептеу;
- ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»;
- ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар»;
- ҚЕХС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ұсыну»;
- ҚЕХС (IFRS) 36 «Активтердің құнсыздануы»;
- ҚЕХС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау»;
- ҚЕХС-на түзетпелер



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қоғамның қаржылық есептілігіне қабылданған стандарттармен интерпретациялардың ықпалы (болған жағдайда) төменде келтіріледі:

Қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу». Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есептеу;

ҚЕХС (IFRS) 7 ҚЕХС және US GAAP-тің ағымдағы талаптарымен салыстырғанда ақпараттың едәуір көп көлемін ашуды талап етеді. Негізгі акцент қаржылық жағдай туралы есепте өзара есеп жүргізілген мойындалған қаржылық құралдар, сонымен қатар, өзара есептеу туралы басты келісімнің немесе өзара есептеудің жүргізілген/жүргізілмегеніне қарамастан, балама келісімнің шарттары таралатын мойындалған қаржылық құралдар туралы сандық ақпаратты ашуға жасалады. ҚЕХС – (IFRS) 7-ге түзетулер ҚЕХС және US GAAP ақпаратын ашу бойынша талаптарды жақсарту және жақындастыруға бағытталған.

ҚЕХС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

ҚЕХС (IFRS) 10 барлық компанияларға қатысты қолданылатын, оның ішінде арнайы мақсатты арналымды компанияларға қатысты қолданылатын бақылаудың бірыңғай үлгісін қарастырады. ҚЕХС (IFRS) 10 стандартымен енгізілетін өзгерістер басшылықтан ҚЕХС (IAS) 27 талаптарын қолданумен салыстырғанда, компаниялардың қайсысы басты компания болып белгіленуі тиістігін анықтау кезіндегі маңызды пайымдауларды талап етеді.

Стандарт шоғырландырудың жоқтығына байланысты, Қоғамның қаржылық жағдайына ықпал еткен жоқ.

ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге сыйақылар» (жаңа редакцияда)

ҚЕХС бойынша Кеңес ҚЕХС (IAS) 19 бірнеше түзетулерін жариялады. Олар күрделі өзгерістерден бастап (мысалы, коридор ұғымы мен жоспардың активтерінің күтілетін табыстылық ұғымын алып тастау) қарапайым түсіндірулер мен тұжырымдарды өзгертуге дейін барады. Қоғамның зейнетақылық жоспарлары жоқ, сәйкесінше, түзету Қоғамның қаржылық жағдайына әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ұсыну»

ҚЕХС (IAS) 32 түзетулері қаржылық қоғам жайлы есептегі қаржылық активтер мен қаржылық міндеттерді есепке алу құқығына қатысты түсіндірулерді қамтиды. Түзетулер есепке алу құқығы ағымдағы сәтте болуы керектігін, яғни келешек оқиғаларға тәуелді болмайтындығын түсіндіреді. Ол қарапайым қызмет барысында барлық контрагенттер үшін заңды тұрғыда жарамды болуы, сонымен қатар, міндеттемелерді орындай алмау, төлемдік қауқарсыздық немесе банкроттық жағдайларда да. ҚЕХС (IAS) 32 пайдалану бойынша нұсқаулыққа түзету қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленетін сомаларды есепке алуды жүргізуге қойылатын ағымдағы талаптарды өзгертпей, тек түсіндіріп ғана қойды. Түзету Қоғамның қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпал еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 36 «Активтердің құнсыздануы»

Аталмыш түзетулер ҚЕХС (IFRS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес ақпаратты ашу тәртібін өзгертеді:

-егер тудырушы сома (ЕДГС) гудвилл немесе қызмет етудің белгілі бір мерзіміне ие материалды емес активтерді қамтитын болса, әрі құнсыздану орын алмаса, өтелетін сома туралы ақпаратты ашу туралы талаптың күші жойылды;

-құнсызданудан келген шығынды мойындау немесе қайта қарастыру жағдайында, активтің өтелетін сомасы немесе ЕДГС туралы ақпаратты ашу талабы қосылды;

-құнсыздану немесе түзетпе жасаудан келген шығынды мойындаған жағдайда, шығып қалу залалдарын алып тастағандағы әділ құн бойынша бағалау қалай жүргізілгендігі жайлы ақпаратты толық ашу талабы қосылған. Түзету Қоғамның қаржылық жағдайына ықпал еткен жоқ.

ҚЕХС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау»

ҚЕХС (IAS) 39-ға сәйкес, егер де новация нәтижесінде туынды қаржылық құрал орталық контрагентке ауыстырылатын болса, хеджерлеу құралы ретінде анықталған туынды қаржылық құралға қатысты хеджерлеу есебін қолдануды Қоғам тоқтатуы тиіс, себебі бұл жағдайда бастапқы туынды қаржылық құрал жоқ болып есептеледі. Орталық контрагенті бар жаңа туынды қаржылық құрал новация кезінде мойындалады. Түзету Қоғамның қаржылық жағдайына ықпал еткен жоқ.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)

ҚЕХС-қа түзетулер

2013 жылы ҚЕХС кеңесі өз стандарттарына түзетулер шығарды, негізінен, сәйкессіздіктерді жою және тұжырымдарды нақтылау мақсатымен. Әрбір стандартқа қатысты жеке өтпелі ережелер бар. Түзетулерді қабылдау Қоғамның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Қоғам шығарылып қойған, алайда 2014 жылдың 31 желтоқсан жағдайы бойынша күшіне енген келесідей ҚЕХС пен ҚЕХСИК Интерпретацияларын қолданған жоқ:

- ҚЕХС 9 «Қаржылық құралдар: қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді топтастыру», күшіне 01.01.2015ж. бастап енеді.

Қоғам жоғарыдағы стандарттар мен интерпретацияларды қабылдау Қоғамның қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпал етеді деп ойламайды.

Шет елдік валютадағы операциялар

Шет елдік валютадағы операцияларды Қоғам операция мойындау критерийлерін қанағаттандырған күнде әрекет ететін валютаны айырбастау бағамын қолдана отырып, теңгемен есептейді.

Шет елдік валюталарда берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер (валюталық шоттардағы қаражат, сатуға арналған қаржылық активтер) есептік күнде әрекет ететін валютаны айырбастау бағамын пайдалану арқылы қайта есептеледі.

АҚШ долларында берілген Қоғамның монетарлық активтері келесідей бағамдар бойынша есептік күнде теңге есебіне ауыстырылды:

- 31.12.2014 ж. 182,35 теңге бағамы бойынша.
- 31.12.2013 ж. 154,06 теңге бағамы бойынша.

Шет елдік валютада берілген қаржылық есептілік баптарын қайта есептеу үшін, сонымен қатар, валюталық операцияларды бухгалтерлік есепте бейнелеу үшін Қоғам Қазақстан қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан валюта айырбастамының орташа биржалық нарықтық бағамын пайдаланады.

Монетарлы баптарды қайта есептеу немесе жабу кезінде пайда болатын барлық бағамдық айырмашылықтар мерзімнің шығыны немесе табысына қосылады.

Шет елдік валютадағы тарихи құны бойынша бағаланатын монетарлы емес баптар бастапқы келісімді жасау күніндегі валютаны айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шет елдік валютада әділ құны бойынша есептелетін монетарлы емес баптар әділ құнды анықтау күніндегі айырбастау бағамы бойынша ауыстырылады. Монетарлы емес баптарды қайта есептеу кезінде пайда болатын барлық бағамдық айырмашылықтар баптың әділ құнының өзгеруінің нәтижесінде табыстар немесе шығындарды мойындау ұстанымдарына сәйкес есептеледі.

Ақша-қаражаттары мен олардың баламалары

Ақша-қаражаттары мен олардың баламалары - бұл Қоғамның банктік шоттарындағы қаражат. Ақша-қаражаттарының баламалары - бұл үш айдан аспайтын жабу мерзіміне ие және құнының өзгеруінің тәуекелі аз ақша-қаражаттарының белгілі сомасына конвертациялауға дайын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар, сонымен қатар, банктік овердрафттар.

Ақша-қаражаттары мен олардың баламалары өз құрамында ҚР ҰБ Монетарлық Операцияларды Есептеу Департаментіндегі (МОЕД) ағымдағы шоттағы өзіндік ақшалай қалдықтарды, ҚР ҰБ сақтау, депозиттік, инвестициялық және өзге шоттардағы, «Казкоммерцбанк» АҚ және «БанкЦентрКредит» АҚ ақша-қаражаттарының қалдықтарын қамтиды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Қаржылық құралдарды бастапқы мойындау

Қоғам қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзінің қаржылық жағдайы туралы есепте олар құрал бойынша келісімдік ережелердің бөлігіне айналған кезде ғана мойындайды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер есепте шартты орындау күнінде мойындалады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық құралдарды бастапқы мойындау (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланбайтын қаржылық активтер міндеттемелер жағдайында ұлғайтылған әділ құн бойынша бастапқы мойындалады. Кез келген табыстар немесе шығындар ағымдағы мерзімдегі табыстар мен шығындарда мойындалады.

ҚЕХС (IAS) 39 әрекет ету саласындағы қаржылық активтер келесідей категорияларға топтастырылады:

- табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- жапқанға дейін ұсталатын инвестициялар;
- несие мен дебиторлық қарыз;
- сатуға арналған қаржылық активтер.

ҚЕХС (IAS) 39 әрекет ету саласына кіретін қаржылық міндеттемелер келесідей категорияларға топтастырылады:

- өзгерістері табыс немесе шығын құрамында бейнеленетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер.

Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер немесе міндеттемелер - бұл бағалардың қысқа мерзімді құбылуы немесе дилер маржасының құбылуы салдарында табыс табу мақсатымен сатып алынған актив немесе міндеттемелер. Егер де сатып алу себебіне қарамастан, ол құрылымы қысқа мерзім аралығында табыс табуға талпынысты байқататын портфель құрамы болып табылса, қаржылық активті аталмыш топқа топтастыру керек. Хеджерлеудің оңтайлы құралдары ретінде белгіленген жағдайлардан өзге жағдайда, туынды қаржылық активтер мен туынды қаржылық міндеттемелер табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып қарастырылады.

Қоғамның қаржылық активтері өз құрамында сатуға арналған қаржылық активтерді, ақша-қаражаттары, міндетті күнтізбелік жарналар бойынша жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің дебиторлық қарызын қамтиды.

Несие мен дебиторлық қарыз

Белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін, белгіленген немесе белгіленбеген төлемдерге ие туынды емес қаржылық активтер. Бастапқы бағалағаннан кейін несие және дебиторлық қарыз құнсыздану резервін алып тастағандағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен амортизациялық құн бойынша есептеледі. Амортизациялық құн сатып алу кезінде пайда болған жеңілдіктер мен сыйақыларды ескере отырып есептеледі және пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссия алымдары мен келісім жасау бойынша шығындарды қамтиды. Пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалану негізіндегі амортизация мерзімнің табысы не шығындарында қаржыландырудан түскен табыс құрамына қосылады. Активті мойындауды тоқтату кезінде пайда болатын табыстар мен шығындар мерзімнің пайдасы мен шығынында белгіленеді.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушы-Банктерінің дебиторлық қарызын Қоғам өз бетінше жүргізілген тоқсан сайынғы есептік бағалау көлемінде мойындайды. Оларды есептеу негізі болып қатысушы-банктердің өткен тоқсандағы салуы тиіс салымдарының сомасы саналады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес, Қатысушы-банктің жарналар көлемі мен төлеу тәртібі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымды басқару органымен анықталады. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ директорлар кеңесінің 2006 жылдың 30 қазанындағы №32 хаттамасымен бекітілген Қосылу келісімінің (әрі қарай «Қосылу Келісімі») ережелеріне сәйкес, Қатысушы-Банк міндетті күнтізбелік жарналарды есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін төлеуге міндеттенеді.

Алынуы тиіс салымдар көлемі міндетті күнтізбелік салым мөлшерлемесін қатысушы-банктің есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніне дейінгі калыптағы кепілдік берілетін барлық депозиттерінің жалпы сомасына қолдану арқылы анықталады.

Есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінде Қатысушы-банктерден алынған деректердің негізінде Қоғам есептік тоқсаннан кейінгі айдың ішінде, өткен тоқсанда алынатын салымдарды реттеуді жүзеге асырады. Қоғам берілген классификациялық топ және салым мөлшерлемесін анықтап, олар жайлы қатысушы-банктерге тоқсан сайын ескертіп отырады, ал Банктер міндетті күнтізбелік жарналарды өз бетінше есептейді және адырады, ал өз кезегінде, Қоғамға қатысушы-Банктердің міндеттемелерді орындауының растығы мен уақытында орындауына бақылау міндеті жүктеледі.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Сатуға арналған қаржылық активтер

Аталмыш категорияда белгіленбеген немесе қандай да бір өзге категорияларда белгіленбеген туынды емес қаржылық құралдар.

Бастапқы мойындағаннан кейін сатуға арналған қаржылық активтер әділ құны бойынша есептеледі, ал құнсызданудан және оң мен теріс бағамдық айырмашылықтардан келген шығындардан басқа, олар бойынша жүзеге асырылмаған табыстар немесе шығындар активті мойындауды тоқтатқан сәтке дейін өзге жиынтықты табыс ретінде мойындалады. Бұл сәтте бұрындары өзге жиынтық табыста мойындалған жинақталған табыс немесе шығын мерзімнің табысы не шығысы құрамына қайта топтастырылады. Инвестициялар бойынша алынған немесе төленген пайыздар қаржылық есептілікте пайыздық табыстар/шығындардағы табыс немесе шығын ретінде бейнеленеді.

Сатуға арналған қаржылық активтер - бұл Қоғам біршама уақыт аралығында ұстап тұруға ниетті және өтімділік қажеттіліктері немесе пайыздық мөлшерлемелер, айырбастау бағамдары немесе бағалы қағаз құнының өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін инвестициялық бағалы қағаздар.

Қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв

Сатуға арналған, есептік күндегі әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерді қайта бағалау нәтижесінде қалыптастырылады. Әділ құнның өзгеруі элементтері капитал шотында мойындауды тоқтату немесе активтердің құнсыздануына дейін бейнеленеді. Мұндай активтер шығып қалған жағдайда немесе оларға қатысты құнсыздану мойындалса, резервтік капитал шотынан жиынтықты табыс туралы есептің табыстары мен шығындарына ауыстырылады.

Сату немесе кері сатып алу келісімшарттары бойынша келісімдер, бағалы қағаз қарыздары.

Іс жүзінде контрагентке несиенің табыстылығын қамтамасыз ететін сату және кері сатып алу («Репо» келісімшарттары) келісімшарттары бойынша келісімдер бағалы қағаздарды қамтамасыз етуге қаражат тарту операциялары ретінде қарастырылады. Сату немесе кері сатып алу келісімшарттары бойынша сатылған бағалы қағаздарды мойындау тоқтамайды. Сатып алушы тұлға келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бағалы қағаздарды сату немесе қайтадан салуға құқылы болатын жағдайлардан басқа жағдайда, бағалы қағаздарды қаржылық жағдай туралы есептің өзге бабына қайта топтастыру жүзеге асырылмайды. Мұндай жағдайларда олар «Репо келісімшарттары бойынша дебиторлық қарыз» ретінде топтастырылады. Сәйкес міндеттемелер өзге банктердегі қаражат шоттары немесе өзге қарыз құралдары бойынша бейнеленеді.

Іс жүзінде Қоғамға несиенің табыстылығын қамтамасыз ететін кері сату («Кері РЕПО») міндеттемесіне ие келісімшарттар бойынша келісімдерге сәйкес сатып алынған бағалы қағаздар контрагентке байланысты дебиторлық қарыз шоттары бойынша бейнеленеді. Сату құны мен кері сатып алу құны арасындағы айырмашылық пайыздық табыс ретінде мойындалады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша Репо келісімшартының әрекет ету мерзімінің ішінде есептеліп отырады.

Контрагент келісімшарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес бағалы қағаздарды сату немесе қайтадан салуға құқылы болатын жағдайлардан басқа жағдайда, контрагенттің белгіленген сыйақы үшін берген қарыз ретінде ұсынған бағалы қағаздары қаржылық жағдай туралы есептің бастапқы бабында белгіленуін жалғастырады. Мұндай жағдайларда Қоғам оларды жеке теңгерімдік бапқа қайта топтастыруды жүзеге асырады.

Үшінші тұлғалармен жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа жағдайда, белгіленген сыйақы үшін берілетін қарыз ретіндегі бағалы қағаздар қаржылық есептілікте бейнеленбейді. Мұндай жағдайларда осы бағалы қағаздарды сатып алу немесе сатудың қаржылық нәтижесі әділ құны бойынша несиелік қарыз шоттарының құрамында бейнеленеді.

Әділ құн

Әділ құн - бұл активке айырбастауға болатын немесе ерікті негізде әрекет ететін хабардар тараптар арасында нарықтық жағдайларда келісім жасасу кезінде ол арқылы жағдаятты реттеуге болатын сома. Әділ құн қаржылық активтерге сұраныстың ағымдағы бағасын және белсенді нарықта бағасы белгіленетін қаржылық міндеттемелерге ұсыныстың ағымдағы бағасын білдіреді. Өзара орны өтелетін тәуекелі бар активтер мен міндеттемелерге қатысты Қоғам өзара орны өтелетін тәуекелдері бар позициялардың әділ құнын анықтау үшін орташа нарықтық бағаларды пайдалана алады және таза ашық позицияға сұраныстың сәйкес бағасын қолдана алады. Егер де баға белгілемесін биржада немесе өзге ұйымнан еркін алуға болатын болса, қаржылық құрал белсенді нарықта баға белгіленетін болып табылады, әрі мұндай баға белгіленімдері нарықтық жағдайларда жүзеге асырылатын шынайы және жиілікті келісімдердің нәтижесі болып табылады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Әділ құн (жалғасы)

Қаржылық инвестициялардың әділ құнын Қоғам айына бір рет, айдың соңғы жұмыс күнінде, Қазақстанның қор биржасында сауданың аяқталу сәтінде белгіленген баға белгілемесі және күнтізбелік айдың соңғы күнінің алдындағы күніндегі немесе бір күнтізбелік айда аталмыш активтерді саудалаудың соңғы күнінде немесе сауда күнінен бұрынғы күндегі Bloomberg Finance L.P. деректеріне сәйкес қайта бағалайды.

Бағалы қағаздардың шығарылу мерзімі биржалық сауданың соңғы күнінен кейін болғанына байланысты белсенді нарықта баға белгілемесі жоқ қаржылық құралдардың құны қайта бағаланбайды.

Нарықта бағасы белгіленбейтін инвестициялар үшін әділ құн бағалаудың түрлі әдістерін пайдалану арқылы анықталады. Мұндай әдістер коммерциялық негізде жасалған ең соңғы келісімдердің бағаларын пайдалануды; балама құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалануды; дисконтталған қаражаттық ағындардың талдауы мен опциондарды бағалау үлгісін қамтиды.

Келісім бойынша шығындар

Келісім бойынша шығындар қаржылық құралды сатып алу, шығару немесе оның шығып қалуына қатысты қосымша шығын болып табылады. Қосымша шығындар - бұл келісімшарт жасалған жағдайда орын алмайтын шығындар. Келісім бойынша шығындар агенттерге (оның ішінде сауда агенттері ретінде шығатын қызметкерлерге), кеңесшілерге, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен комиссия алымдарын, реттеуші ұйымдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сонымен қатар активті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды. Келісім бойынша шығындар қарыздық міндеттемелер бойынша сыйақылар немесе дисконттарда, қаржыландыру шығындарын, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтау шығындарын қамтымайды.

Амортизациялық құн

Амортизациялық құн - бұл негізгі қарыз төлемдерін алып тастағандағы, алайда есептелген пайыздарды қоса қамтитын, активтің бастапқы құны, ал қаржылық активтер үшін - құнсызданудан келген шығындарды алып тастағандағы бастапқы құн. Есептелген пайыздар келісім бойынша шығындарды бастапқы мойындау кезінде кейінге қалдырылған амортизацияны, сонымен қатар, кез келген сыйақылар мен тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, жабу сомасы дисконттың қамтиды. Есептелген пайыздық табыстар мен есептелген пайыздық шығындар, оның ішінде есептелген купондық табыс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (оның ішінде, болған жағдайда, бастапқы мойындау кезінде кейінге қалдырылған комиссияны) жеке көрсетілмейді, активтер мен міндеттемелердің сәйкес баптарының теңгерімдік құнына қосылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың теңгерімдік құнына әрбір аралықта тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатымен сәйкес мерзім ішіндегі пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығындарды мойындау әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл қаржылық құралдың әрекет етуінің келешек мерзімінің ішіндегі келешек қаражаттық төлемдер немесе түсімдерді (несиелер бойынша келешек шығындарды есептемегенде), немесе сәйкес жағдайларда, едәуір қысқа мерзім ішінде қаржылық құралдың таза теңгерімдік құнына дейін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Тиімді пайыздық мөлшерлеме аталмыш құрал үшін көрсетілген құбылмалы несиелік спрэдті бейнелейтін сыйақы немесе дисконттан басқа, пайызды өзгертудің келесі мерзіміне дейінгі мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша немесе нарықтық мәніне байланысты белгіленбейтін өзге факторлар бойынша қаражаттық ағындарды дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құралдың пайдалану мерзімінің ішінде амортизацияланады. Дисконтталған құнды есептеу тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын келісімшарт тараптары төлеген немесе алған барлық комиссия алымдарын қамтиды.

Амортизацияланған құн бойынша есептелетін міндеттемелер

Қаржылық жағдайы туралы есепте бастапқы мойындағаннан кейін, Қоғам табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша есептелетін міндеттемелер, туынды құралдар бойынша міндеттемелер, құнын жоғары сенімділікпен анықтауға келмейтін, бағасы белгіленбейтін үлестік құралды жеткізу жолымен орындалатын туынды құралдар бойынша міндеттемелерден басқа, барлық қаржылық міндеттемелерді амортизациялық шығындар бойынша бағалауы тиіс. Хеджерленетін баптар ретінде анықталған қаржылық міндеттемелер ҚЕХС 39-ға сәйкес бағалануы тиіс.

Амортизацияланған шығындар бойынша бейнеленген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бойынша табыс (шығын) қаржылық активті немесе міндеттемені мойындау тоқтаған, немесе оның ішінде құнсыздану (амортизациялау барысында да) орын алған аралықтағы табыс немесе шығын мойындалады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік мерзімнің аяғындағы жағдай бойынша Қоғам қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздану белгісінің бар/жоқтығын бағалайды.

Қаржылық актив немесе қаржылық активтердің тобы құнсызданған болып қаржылық актив немесе қаржылық активтердің тобы бойынша күтілетін келешек қаражаттық ағындарға сенімді бағалауға болатын ықпал жасаған активті бастапқы мойындағаннан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқиғалар нәтижесінде («шығын оқиғасы») құнсызданудың объективті белгілері болған жағдайда ғана саналады. Қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілеріне актив иесіне белгілі болған шығын оқиғалары туралы келесідей ақпарат жатады: эмитент (қарызгер) қаржылық қиындықтарға ұшыраған, келісімшарт шарттарын бұзуда, негізгі қарыз сомасын немесе пайыздарын төлеуден бас тартып немесе қашақтап жүру, банкротқа ұшырау немесе қарызгерді қаржылық қайта құру ықтималдылығы, несие берушінің өзге жағдайда ұсына бермейтін, қарызгердің қаржылық жағдайына байланысты экономикалық не заңды себептермен жеңілдікті жағдай ұсынуы. Мұндай дәлелдерге қаржылық құрал бойынша күтілетін келешек қаражаттық ағындардың төмендеу мүмкіндігінің бар екендігін көрсететін бақыланатын деректер, мысалы, қарыздарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен белгілі бір байланыста болатын кешіктірілген қарыз немесе ұлттық не жергілікті экономикалық шарттардың көлемінің өзгеруі. Үлестік құрал инвестицияларының құнсыздануының объективті белгілері эмитент өз қызметін жүргізіп отырған техникалық, нарықтық, экономикалық немесе заңды ортадағы жағымсыз сәлдарға ие маңызды өзгерістер туралы ақпаратты камтиты және үлестік құралға инвестициялардың құнының орны өтелмеуі мүмкіндігін көрсетеді.

Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер үшін

Қоғам алдымен жеке негізде өзіндік маңыздылыққа ие қаржылық активтерге қатысты құнсызданудың объективті белгілерін анықтайды және жеке немесе жиынтықты негізде жеке маңыздылыққа ие емес қаржылық активтерге қатысты құнсыздану белгілерін анықтайды. Егер Қоғам өзіндік маңыздылыққа ие де, маңыздылыққа ие емес қаржылық активке қатысты құнсызданудың объективті белгілерінің жоқтығын алға тартатын болса, ол мұндай активті несиелік тәуекелдің сипаттамалары ұқсас қаржылық активтер тобына қосады және жиынтықты негізде оларды құнсыздану нысанына бағалайды. Құнсызданудан келетін шығын мойындалған немесе әлі де мойындалып жатқан құнсыздану нысанына жеке бағаланатын активтер, құнсызданудың жиынтықты бағалануына қосылмайды.

Несие мен дебиторлық қарыздың немесе амортизациялық құны бойынша есептелетін, жапқанға дейін ұсталатын инвестициялардың құнсыздануынан келетін шығынның объективті белгілері болған жағдайда, шығынның көлемі активтің теңгерімдік құны мен аталмыш қаржылық актив үшін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген ақша-қаражаттарының келешек ағындарының дисконтталған құны арасында айырмашылық ретінде анықталады (әлі пайда болмаған келешек несиелік шығындардан басқа). Активтің теңгерімдік құны тікелей немесе бағалауыш резервтік шот арқылы азайтылады. Құнсызданудан келген шығын сомасы мерзімнің табысы мен шығындарындағы шығынның құрамына қосылады.

Егер келесі мерзімде активтердің құнсыздануынан келген шығынның көлемі азаятын болса, және бұл азаю құнсыздануды мойындағаннан кейін орын алған оқиғамен арақатынасын белгілеуге болса (мысалы, дебитордың несиелік рейтингісінің жоғарылауы), қбұрын мойындалған құнсыздану шығыны бағалауыш резерв шотын түзету арқылы қайтарылады. Егер қаржылық актив құнының бұрынғы шығарылымы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы мерзімнің табыстары мен шығындарындағы инвестициялық шығындар құрамында мойындалады.

Сатуға арналған қаржылық активтер үшін,

Қоғам әрбір есептік мерзімнің соңында инвестиция немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар/жоқтығын бағалайды.

Сатуға арналған топтастырылған үлестік құрал инвестицияларында, объективті дәлелдер инвестициялардың әділ құнының өзінің бастапқы құнынан айтарлықтай немесе ұзақ мерзімге төмендеуін камтитын болады. «Маңыздылықты» инвестициялардың бастапқы құнымен салыстыру, ал «ұзақ мерзімділікті» - әділ құн бастапқы құннан кем болған уақытпен салыстыру арқылы бағалау керек. Құнсызданудың объективті дәлелдері болған жағдайда, аталмыш инвестициялар бойынша шығындарда бұрындары мойындалған табыстар мен шығындарды алып тастағанда, сатып алу және ағымдағы әділ құн арасындағы айырмашылық ретінде бағаланған жиынтықты шығын сомасы өзге жиынтықты табыстан алынып тасталады және қаржылық актив баланстан шығарылып тасталмағанына қарамастан, мерзімнің табысы мен шығынында мойындалады. Үлестік құралға салынатын инвестициялар бойынша құнсызданудан келген шығындар мерзімнің табысы не шығыны арқылы қалпына келтірілмейді, құнсызданудан кейін олардың әділ құнын арттыру өзге жиынтықты табыс құрамында тікелей мойындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Сатуға арналған топтастырылған қарыздық құралдар жағдайында, құнсыздану амортизациялық құн бойынша есептелетін қаржылық активтерге қатысты қолданылатын критерийлердің негізінде бағаланады. Алайда, құнсызданудан келген шығын сомасы – бұл бұрындары табыстар мен шығындарда мойындалған аталмыш инвестициялар бойынша құнсыздану шығындарын алып тастағандағы, амортизациялық құн және ағымдағы әділ құн арасындағы айырмашылық ретінде бағаланған, жиынтықты шығын. Егер келесі жыл ішінде қарыздық құралдың әділ құны артса, және аталмыш артуды құнсызданудан келген шығынды табыстар мен шығындарда мойындаудан кейін орын алған оқиғамен объективті түрде байланыстыруға болса, құнсыздану шығыны мерзімнің табыстары мен шығындары арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық активті мойындауды тоқтату

Қаржылық актив (немесе, қолданылатын жерде - қаржылық активтің бөлігі немесе балама қаржылық активтер тобының бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын төмендегідей жағдайларда тоқтатады:

- Активтен қаражаттық ағындарды алу құқығының әрекет ету мерзімі аяқталды;
- Қоғам активтен қаражаттық ағындарды алу құқығын берді немесе алынып жатқан қаражаттық ағындарды толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша кешіктіруге үшінші тұлғаға төлеу міндеттемесін өзіне алды және/немесе

(а) Қоғам активтен келетін барлық табыстар мен тәуекелдердің бәрін берді, немесе

(б) Қоғам активтен келетін барлық табыстар мен тәуекелдерді бермегенімен, оларды сақтамайды да, алайда аталмыш активті бақылауға берді.

Егер Қоғам активтерден қаражаттық ағындарды алуға өз құқығын біреуге берсе, немесе транзиттік келісім жасасса, әрі оларды толықтай бермегенімен, активтен келетін табыстар мен тәуекелдерді толығымен сақтамаған жағдайда, сонымен қатар активке бақылау құқығын бермеген болса, жаңа актив Қоғам берілген активке өзінің қатысуын жалғастыратын деңгейде мойындалады. Бұл жағдайда Қоғам сәйкес міндеттемені мойындайды. Табысталған актив және сәйкес міндеттеме Қоғамның сақтаған құқықтары мен міндеттемелерін бейнелейтін негізде бағаланады.

Табысталған актив бойынша кепілдік формасын сақтайтын жалғасып келе жатқан қатысу келесідей өлшемдердің ең азымен қабылданады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе төленуі Қоғамнан талап етіле алатын барынша жоғары сома.

Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату

Міндеттеме жабылса, күші жойылса немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемені мойындау тоқтатылады.

Егер қаржылық міндеттеме дәл сол несиегердің алдындағы маңызды түрде өзгешеленетін өзге міндеттеменен алмастырылатын болса, немесе ағымдағы қаржылық міндеттеменің шарттары маңызды түрде өзгертілсе, мұндай алмастыру немесе өзгертулер бастапқы міндеттемені мойындауды тоқтату және жаңа міндеттемені мойындауды бастау ретінде есептеледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырмашылық табыстар мен шығындарда мойындалады.

Қаржылық құралдарды есепке алу

Мойындалған сомаларды есепке алуға заңды тұрғыда бекітілген құқықтар болған жағдайда ғана, және есепке алуды жүзеге асыру немесе активті өткізу және міндеттемені бір уақытта жабу ниеті болған жағдайда ғана, қаржылық активтер мен міндеттемелерді есепке алу жүзеге асырылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар түскен сәтінде қаржылық есептілікте өз құрамында негізгі құралдарды сатып алу бойынша жүргізілген қажетті шығындарды қамтитын өзіндік құны бойынша бейнеленеді.

Кейіннен негізгі құралдар жинақталған амортизация мен жинақталған құнсыздану шығындарын алып тастағандағы өзіндік құнмен есептеледі.

Пайдалануға қайта енгізілген негізгі құралдарға амортизация есептеу пайдалануға негізгі құралды енгізгеннен бастап жүзеге асырылса, шығып қалған негізгі құралдар бойынша- аталмыш активті мойындауды тоқтату күнінен бастап немесе ҚЕХС (IFRS) 5 Халықаралық стандартына сәйкес оны сатуға арналған ретінде топтастырғаннан бастап (немесе оны сатуға арналған ретінде топтастырылған шығып қалу тобына кісу күнінен бастап) тоқтайды. Негізгі құралды пайдалы қолданудың орташа бағаланған мерзімі 3-тен 10 жылға дейінгі аралықта анықталған.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдың ликвидациялық құны - бұл пайдалы қолдану мерзімінің аяғында негізгі құралдар объектілерінің техникалық қалпы күтілетін қалыпқа сәйкес келетін болады деген жорамалмен, жүзеге асыру шығындарын алып тастағанда, қоғам оны сатқан жағдайда алуы мүмкін соманың бағамдық мәні. Ликвидациялық құн, пайдалы қолдану мерзімі және амортизация әдістері талданады және қажет жағдайда, әрбір есептік жылдың соңында түзетіледі.

Негізгі құралдардың кейінгі шығындары активтің теңгерімдік құнына қосылады және осы активпен байланысты келешек экономикалық табыстарға Қоғам қол жеткізеді және осы активтің құны сенімді түрде бағалана алады деген ықтималдылық болған жағдайда ғана ол жеке актив ретінде мойындалады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық өзге шығындар өздері пайда болған мерзімнің табыстары мен шығындарында бейнеленеді.

Негізгі құралдарды есептен шығару олар істен шыққан жағдайда немесе, егер келешекте аталмыш активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық табыстар алынады деп күтілмесе орын алады. Активті шығару нәтижесінде пайда болатын табыс пен шығын (активтің шығуы және теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) актив есептен шыққан есептік мерзімдегі жиынтықты табыс жайлы есептің табыстары мен шығындарына қосылады.

Материалды емес активтер

Материалды емес активтер бастапқы мойындалу кезінде өз құны бойынша бағаланады. Бірінші танудан кейін материалды емес активтер бастапқы бағасы бойынша жиналған амортизацияны және құнсызданудан жиналған шығындарды алып тастағандағы құнымен есептелетін болады. Өнімдерді құрастыруға арналған капитализацияланған шығындардан басқа, Компанияның ішінде өндірілген материалды емес активтер капиталданбайды, сәйкес шығын өзі пайда болған мерзімдегі есептік жылдағы жалпы табыс жайлы есепте көрініс табады.

Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімдері бар материалды емес активтер бұл мерзім ішінде амортизацияланады және де бұл материалды емес активтің құнсыздануы болған жағдайда құнсыздану тұрғысынан бағаланады. Амортизация объектілердің пайдалы қызмет етуінің бағаланған мерзімі, яғни 3 жыл ішінде құнын есептен шығарудың біртекті (тік желілі) әдісі негізінде есептеледі.

Операциялық жалға беру

Қоғам жалға алушы ретінде

Жалға беруші жалға беру объектісіне меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен табыстарды сақтап отыратын активтерді жалға алу операциялық жалға алу болып есептеледі. Операциялық жалға алу келісімшарты бойынша төлемдер жалға алу мерзімі ішіндегі шығындарға біртекті шығарылады және өздерінің функционалды міндеттеріне сәйкес жиынтықты табыс туралы есептің шығындары көлемінде ескеріледі.

Табыс салығы

Ағымдағы корпоративті табыс салығы

Ағымдағы және өткен мерзімдердегі корпоративті табыс салығы бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер салықтық ұйымдардан орны толтырылатын немесе салықтық ұйымдармен төленеді деп күтілетін сомалар бойынша бағаланады. Аталмыш соманы есептеуге пайдаланылатын салықтық мөлшерлемелер мен салықтық заңнама- бұл есептік мерзімде қабылданған немесе іс жүзіндегі жарналар мен заңдар.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есептік мерзімде қаржылық есептілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың теңгерімдік құны арасындағы барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме салық салынатын барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша мойындалады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер алынған тасталатын барлық уақыттық айырмашылықтар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер бойынша, уақыттық айырмашылық келешекте қалыпқа келтіріледі және оған қарсы есептен шығарылып отырған уақыттық айырмашылықтар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық шығындар есептелуі мүмкін салық салынатын табыс алынады деген маңызды ықтималдылық болатын деңгейде мойындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салықтық активтің есептік құны әрбір есептік мерзімде қайта қарастырылады және егер кейінге қалдырылған салықтық активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табыс алынады деген ықтималдылық аз болса, төмендейді. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салықтық активтер әрбір есептік мерзімде қайта қарастырылады және келешек салық салынатын табыс кейінге қалдырылған салықтық активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген ықтималдылық байқалатын кез келген деңгейде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер актив жүзеге асырылатын, ал міндеттемелер жабылатын есептік мерзімде пайдаланылатын болады деп күтілетін салықтық мөлшерлемелер бойынша, есептік мерзімдегі жағдай бойынша күшіне енетін немесе іс жүзінде күшіне енген салықтық мөлшерлемелер (және салықтық заңнама) негізінде бағаланады.

Егер де салық табыс немесе шығыннан тыс мойындалған баптарға катысты, ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар табыс немесе шығыннан тыс мойындалады. Сәйкесінше, төмендегідей мойындалған баптарға катысты ағымдағы және кейінге қалдырылған салық:

а) өзге жиынтық табыста, өзге жиынтық табыста мойындалады;

б) тікелей өзіндік капиталда, өзіндік капиталда мойындалады.

Егер де ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтарды есептеудің заңды бекітілген құқығы болса, кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер бір-біріне қарсы есептеледі және кейінге қалдырылған салықтар бір салық төлеуші-компанияға және салықтық органға катысты болады.

Еңбек ақысын төлеу бойынша шығындар, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар

Еңбек ақысын төлеу бойынша шығындар, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, жыл сайын төленетін демалыстар мен емделу төлемдері, сыйақылар Қоғамның қызметкерлері сәйкес қызмет көрсетіп отырған жыл ішінде төленеді.

Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың жиынтық көлемі Қоғам қызметкерлерінің табысынан 11% құрайды.

Зейнетақылық қамсыздандыру бойынша міндеттеме

Қоғам өзінің қызметкерлерінің жалақысынан 10% көлемде олардың зейнетақылық қорларына міндетті зейнетақылық жарна ретінде аударады, заңнамаға сәйкес, міндетті зейнетақылық жарналар қызметкерлердің міндеті болып табылады және Қоғам зейнетке шыққаннан кейін қызметкерлерге төлемдер бойынша не ағымдағы, не келешек міндеттемеге ие болмайды.

Резервтік капитал

Заңнама талаптары және Қоғамның құрылтайшылық құжаттарына сәйкес қалыптастырылады. Қоғам резервтік капиталды болжау мүмкін емес тәуекелдер мен келешек шығындарды жабу үшін есептік мерзімнің нәтижелері бойынша алынған таза табыстың бөлігін аудару есебінен қалыптастырады. Резервтік капитал үлестірілмейді.

Арнайы өтеу резерві

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес, кепілдемелік өтемді төлеумен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін, Қоғам қатысушы-банктердің жарналарының есебінен, қосылу шарттары бойынша белгіленген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін қолданылатын тұрақсыздық айыптарының, мәжбүрлеп таратылып отырған қатысушы-банктің Қоғамның кепілденген өтем сомалары бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша-қаражаттары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес табысты үлестіру есебінен арнайы өтеу резервін қалыптастырады. Арнайы өтеу резервін Қоғам қатысушы-банкті мәжбүрлеп тарату жағдайында депозиторларға кепілденген өтемді төлеу мақсатында қалыптастырады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы өтеу резерв көлемі қатысушы-банктердегі кепілдік берілетін барлық депозиттердің сомасынан бес пайыздан кем емес көлемді қамтиды.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Табыстар мен шығындарды мойындау

Пайыздық баламадағы табыстар мен шығындар

Амортизациялық құны бойынша есептелетін барлық қаржылық құралдар мен сатуға арналған қаржылық актив ретінде топтастырылған пайыздық қаржылық құралдар бойынша, пайыздық табыстар немесе шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша дисконттау кезінде қаржылық құралды пайдаланудың ықтималды мерзімінің ішінде немесе қолданымды болатын едәуір қысқа мерзім аралығында күтілетін келешек қаражаттық төлемдер мен түсімдер қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза теңгерімдік құнына нақты келтіріледі.

Есептеу кезінде қаржылық құрал бойынша барлық келісімдік шарттар (мысалы, мерзімінен бұрын жабу құқығы) және комиссиялық алымдар немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі саналатын құралмен тікелей байланысты қосымша шығындар есептеледі, алайда несиелер бойынша келешек шығындар есепке алынбайды. Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны Қоғам төлемдер мен түсімдердің бағаламасын қарастырған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгерісі пайыздық табыс немесе шығын ретінде бейнеленеді.

Қаржылық есепте бейнеленген қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы төмендеген жағдайда, пайыздық табыстар жаңа теңгерімдік құн негізінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша мойындалуын жалғастырады.

Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен түскен таза кірістер

Қосылу шартының ережелеріне сәйкес, міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың көлемін және төлеу тәртібін анықтаудың Ережелері мен Шарт белгіленген жағдайлардағы артық төленген жарна сомаларынан басқа, қатысушы-банктің төлеген жарналары қайтарылмайды.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қоғам сараланған жарналар жүйесін енгізді, онда қатысушы-банктер категорияларға топтастырылады және тәуекелдің бағаланған деңгейі мен қаржылық тұрақтылығына байланысты рейтинг беріледі. Рейтингі аз банктер үлкенірек көлемдегі жарналар аударады, себебі оларға тәуекелдің едәуір жоғары деңгейі тән. Тәуекел деңгейі аз банктер азырақ көлемдегі жарна аударады. Қаржылық көрсеткіштерді талдау, тәуекелді бағалау және рейтинг телу үшін, Қоғам «БАТА» сараланған жарналар жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдаланады.

Қоғам «БАТА»-ны қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының көлеміне қатысты әділ ережелерді орнату үшін ғана емес, сонымен қатар банктердің банкротқа ұшырауының алдын алу үшін де құрастырды. Заңнама белгілеген ережелерге сәйкес, Қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік жарналары тоқсан сайын төленеді.

Міндетті күнтізбелік жарналар бойынша кірісті Қоғам өз бетінше жүргізген тоқсан сайынғы есептік бағалаулар негізінде мойындайды. Оларды есептеудің негізі болып қатысушы-банктердің өткен тоқсандағы тиісті жарналарының сомасы табылады.

Қатысушы-банктерден есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінде алынған деректердің негізінде, Қоғам есептік тоқсаннан кейінгі ай ішінде өткен тоқсанның міндетті күнтізбелік жарналары бойынша табысты реттеуді жүзеге асырады.

Қатысушы-банктер жарналары мен тарату комиссиясы түсімдерінен түскен таза кірістер – бұл Қоғамға таратылған банктердің депозиторларына кепілденген өтем төлеу бойынша келген шығындарды алып тастағандағы жоғарыда көрсетілген кірістер.

Операциялық шығындар

Шығындар ақша-қаражаттары мен олардың баламалары қашан төленгендігіне қарамастан сәйкес қорлар немесе қызметтерді іс жүзінде алу сәтінде есептеледі және қаржылық есептілікте өздеріне қатысты уақыт кезеңінде көрсетіледі.

Кейінгі оқиғалар

Жыл аяқталғаннан кейінгі, Қоғамның қаржылық есептілікті құрастыру күніндегі жағдайы туралы қосымша ақпарат болып табылатын оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте бейнеленеді.

Жыл аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар түзетуші оқиға болып табылмайды және пайызды болса ескертулерде беріледі.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

4. АҚША-ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге есебінде	2014	2013
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша-қаражаттары	4 446 286 ✓	2 827 202 ✓
Карт-шоттардағы ақша-қаражаттары	721 ✓	828 ✓
Депозиттік шоттардағы ақша-қаражаттары*	1 428 000 ✓	3 400 000 ✓
Инвестициялық банктік шоттардағы қолма-қол ақша, барлығы:	518 ✓	16 315 ✓
Оның ішінде: теңге есебінде	241 ✓	7 794 ✓
АҚШ долларында (2014 жылы – USD 1,516.23, 2013 жылы – USD 55,307.23)	277 ✓	8 521 ✓
	5 875 525 ✓	6 244 345 ✓

* Бастапқы жабу мерзімі үш айдан төмен депозиттер 0,5% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен.

5. САТУҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

Қоғамның сатуға арналған қаржылық активтері қаржылық есептілікте амортизациялық сыйақылар мен дисконттарды алып тастап, купондық сыйақыны есептеумен, әділ құн бойынша бейнеленген. Сатуға арналған бағалы қағаздардың әділ құны есептік мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) ресми сауда тізімінде орналасқан бағалы қағаздарға қатысты белсенді нарық шарттары және Bloomberg Finance L.P. деректері бойынша қалыптасқан белгіленген орташа бағалар негізінде анықталған болатын.

Мың теңге есебінде	2014	2013
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің облигациялары	331 346 430 ✓	251 576 414 ✓
Қазақстандық эмитенттердің корпоративті облигациялары («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ)	1 299 391 ✓	1 260 164 ✓
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (қысқа мерзімді) (2014 жылы – USD 328,673,211.30, 2013 жылы – USD 413,281,737.15)	59 933 560 ✓	63 670 184 ✓
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (ұзақ мерзімді) 2014 жылы – USD 84,810, 742.19)	15 472 052 ✓	-
«Кері РЕПО» операциялары	-	12 818 342 ✓
	408 051 433 ✓	329 325 104 ✓

Төменде несиелік сапа бойынша қарыздық бағалы қағаздардың түрлері бойынша жеке талдауы берілген:

Мың теңге есебінде	Жылдық купондық % мөлшерлеме	Жылдық орташа тиімді % мөлшерлеме	2014	2013
МЕОКАМ (ҚР Қаржы Министрлігі)	4,38%	3,25%	72 314 873	73 357 272
МЕККАМ (ҚР Қаржы Министрлігі)	-	4,00%	350 312	5 746 562
МЕУКАМ (ҚР Қаржы Министрлігі)	6,01%	4,89%	258 681 245	172 472 580
ҚИК («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ)	7,41%	3,71%	1 299 391	1 260 164
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (қысқа мерзімді)	-	0,13%	59 933 560	63 670 184
АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (ұзақ мерзімді)	1,00%	1,00%	15 472 052	-
«Кері РЕПО» операциялары				12 818 342
			408 051 433	329 325 104

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

5. САТУҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

Қоғамда бар бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік институттары (ҚР ҰБ және Қаржы Министрлігі) және АҚШ мемлекеті шығарады, мемлекеттік кепілдемелерге ие. Пайыздар немесе жабу кезінде бағалы қағаздардың номиналды сомасын төлеу кезінде кешіктіру байқалған жоқ. Сатуға арналған барлық бағалы қағаздардың тәуекелі төмен және уақыты өтпеген, құнсызданбаған қаржылық актив болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік институттарының несиелік рейтингі Қазақстан Республикасының рейтингіне теңеледі (20 Ескерту).

Корпоративті облигациялар «Fitch Rating» несиелік рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша есептік мерзімде «BBB/тұрақты» рейтингісіне ие «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ-на инвестициялармен ұсынылған. Сатуға арналған барлық бағалы қағаздар басшылықтың Қоғамның қаржылық активтерінің несиелік сапасына ішкі мониторинг жүргізу үшін пайдаланатын стандартты қаржылық активтер ретінде топтастырылады. Сатуға арналған инвестициялық бағалы қағаздар портфелінің есептік мерзімдегі теңгерімдік құны жайлы ақпарат төменде берілген:

2014 жыл

	МЕОКАМ	МЕККАМ	МЕУКАМ	ҚИК	АҚШ Үкіметінің БҚ ұзақ мерзімді	АҚШ Үкіметінің БҚ қысқа мерзімді	Кері «РЕПО» операцияла ры	Барлығы
2013 жылдың 31 желтоқсанына бастапқы құны	73 357 272	5 746 562	172 472 580	1 260 164	-	63 670 184	12 818 342	329 325 104
Сатуға арналған бағалы қағаздарды алуы	8 793 295	341 058	88 813 596	-	15 436 422	59 794 049	76 180 040	249 358 460
Сатуға арналған бағалы қағаздардың өтеуі	(10 007 000)	(5 777 084)	(5 068 000)	-	-	(75 221 126)	(88 992 051)	(185 065 261)
Есептелген пайызды табыстар	3 136 741	54 132	12 920 670	87 567	5 647	85 201	129 563	16 419 521*
Есептелген пайызды шығыстар	(11 992)	-	(93 134)	-	-	-	-	(105 126)
Алынған пайыздар	(3 223 811)	-	(11 730 130)	(81 340)	-	-	(135 894)	(15 171 175)
Қайта бағалаудан шығыстардың ұстап қалынған таза құн табысы	270 368	(14 356)	1 365 663	33 000	(25 238)	(31 101)	-	1 598 336
Сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша бағамдық айырмашылықтар	--	-	-	-	55 221	11 636 353	-	11 691 574
2014 жылдың 31 желтоқсанына баланстық құны	72 314 873	350 312	258 681 245	1 299 391	15 472 052	59 933 560	-	408 051 433



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

5. САТУҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

2013 жыл

Мың теңге есебінд	МЕОКАМ	МЕККАМ	МЕУКАМ	КИК	ҚР ҰБ нотаны	АҚШ Үкіметінің БҚ қысқа мерзімді	Кері «РЕПО» операцияла ры	Барлығы
2012 жылдың 31 желтоқсанына бастапқы құны	71 041 159 ✓	7 935 698 ✓	121 818 511 ✓	1 218 910 ✓	18 488 788 ✓	55 004 545 ✓	-	275 507 611 ✓
Сатуға арналған бағалы қағаздарды алуы	23 869 163 ✓	5 630 956 ✓	49 045 581 ✓	-	2 493 500 ✓	63 384 835 ✓	22 443 017 ✓	166 867 052 ✓
Сатуға арналған бағалы қағаздардың өтеуі	(21 672 778) ✓	(7 962 168) ✓	-	-	(21 064 185) ✓	(56 221 765) ✓	(9 631 005) ✓	(116 551 901) ✓
Есептелген процентті кірістер	3 602 579 ✓	123 017 ✓	8 420 059 ✓	83 991 ✓	63 719 ✓	83 822 ✓	9 893 ✓	12 387 080 ✓
Есептелген процентті шығыстар	(11 402) ✓	-	(27 168) ✓	-	-	-	-	(38 570) ✓
Алынған пайыздар	(3 478 701) ✓	-	(8 416 579) ✓	(82 740) ✓	-	-	(3 563) ✓	(11 981 583) ✓
Қайта бағалаудан шығыстардың ұстап қалынған таза құн табысы	7 252 ✓	19 059 ✓	1 632 176 ✓	40 003 ✓	18 178 ✓	878 ✓	-	1 717 546 ✓
Сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша бағамдық айырмашылықтар	-	-	-	-	-	1 417 869 ✓	-	1 417 869 ✓
2013 жылдың 31 желтоқсанына баланстық құны	73 357 272 ✓	5 746 562 ✓	172 472 580 ✓	1 260 164 ✓	-	63 670 184 ✓	12 818 342 ✓	329 325 104 ✓

6. ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

Өзге қаржылық активтер құрамында жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің күнтізбелік жарналары бойынша дебиторлық қарыз ескеріледі. 2014 жылдың 31 желтоқсан жағдайы бойынша Қатысушы-банктердің құнсызданудан кейін міндетті күнтізбелік жарналар бойынша дебиторлық қарызы келесіні құрайды:

Мың теңге есебінде	2014	2013
Банктердің күнтізбелік жарналары	2 779 554 ✓	2 334 226 ✓
	2 779 554 ✓	2 334 226 ✓

7. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫ ҚОРЛАРЫ

Мың теңге есебінде	2014	2013
Шикізат және материалдар	1 707 ✓	1 753 ✓
	1 707 ✓	1 753 ✓

Тауарлы-материалды қорлар ауырлатылмаған.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

8. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

Мың теңге есебінде	2014	2013
Қызметтерге берілген алдын-ала төлемдері	3 946 ✓	7 635 ✓
Келешек мерзім шығындары	1 553 ✓	3 689 ✓
Қызметкерлердің қарыздары	30 ✓	18 ✓
ККС-тан өзге, салықтар бойынша алдын-ала төлем	-	27 ✓
	5 529 ✓	11 369 ✓

9. КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚТЫҚ АКТИВТЕРІ

Мың теңге есебінде	2014	2013
Кейінге қалдырылған салықтық активтері	4 870 ✓	4 038 ✓
	4 870	4 038 ✓

2014 жылдағы уақыт айырмашылықтарының өзгерісінің есебі 21 ескертуде берілген.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (жалғасы)

10. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

а) Бастапқы құны

Мың теңге есебінде	Машина мен жабдықтар, табыстау қондырғылары	Өзге негізгі құралдар	Барлығы
2012 жылдың 31 желтоқсанына бастапқы құны	17 909 ✓	5 906 ✓	23 815 ✓
Түсімдер	5 003 ✓	841 ✓	5 844 ✓
Қайтару	(1 260) ✓	-	(1 260) ✓
Шығып қалулар	(18) ✓	(73) ✓	(91) ✓
2013 жылдың 31 желтоқсанына бастапқы құны	21 634 ✓	6 674 ✓	28 308 ✓
Түсімдер	3 036 ✓	806 ✓	3 842 ✓
